

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Республикалық ғылыми-техникалық кітапханасы мен оның ведомстволық мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 17 шілде N 993

"Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың мекемелерінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 P981335_ қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшада көрсетілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының "Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана" мемлекеттік мекемесі мен мемлекеттік мекемелерін біріктіру жолымен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Республикалық ғылыми-техникалық кітапханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі аясы:

1) ғылым мен техника саласында отандық және дүниежүзілік жетістіктерді көрсететін, жарияланған және жарияланбаған құжаттардың анықтамалық-ақпараттық қорларын, оның ішінде патенттік ақпаратты қалыптастыру;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін ғылыми-техникалық ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету, республика мамандарына кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету үшін және, ұжымдық және жеке абоненттермен өткізілген патенттік зерттеулер саласында, оның ішінде интеллектуалдық меншік объектілерін сараптау кезінде ақыл-кеңес беру, қызмет көрсету және ақпараттық қамтамасыз ету;

3) қолданбалы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді орындау осы заманғы компьютерлік технологияларды пайдалану негізінде қазақстандық және шет елдік кітапханалардың интеграцияланған ақпараттық ресурстарына қол жеткізуін ұйымдастыру деп айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғарғы білім министрлігі заңда белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

- 1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін;
- 2) оны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
17 шілдедегі

N 993 қаулысына қосымша

Қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік мекемелердің
Тізбесі

п/п	N	Мемлекеттік мекеменің атауы орналасқан жері (қала)	Мемлекеттік мекеменің
	1	Ақмола облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы	Астана
	2	Ақтөбе облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы	Ақтөбе
	3	Атырау облыстық ғылыми-техннкалық кітапханасы	Атырау
	4	Шығыс Қазақстан облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы	Өскемен
	5	Жамбыл облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы	Тараз
	6	Жезқазған қалалық ғылыми-техникалық кітапханасы	Жезқазған
	7	Батыс Қазақстан облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы	Орал
	8	Қарағанды облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы	Қарағанды
	9	Қостанай облыстық ғылыми-техникалық техникалық кітапханасы	Қостанай
	10	Павлодар облыстық ғылыми-техникалық техникалық кітапханасы	Павлодар
	11	Солтүстік Қазақстан облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы	Петропавл
	12	Семей қалалық ғылыми-техникалық кітапханасы	Семей
	13	Оңтүстік Қазақстан облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы	Шымкент

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК